

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

«Жаһандану жағдайларында су ресурстарын басқару»

профессор Т.Л. Тәжібаевтің туғанына 105 жылдығына арналған

11-12 наурыз, 2021 жыл, Алматы қ.

РЕЗОЛЮЦИЯ

«Арал теңізі бассейні: тәжірибе, ынтымақтастық, болашақ» side-event ұсыныстары

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның қатысушылары Тұрақты даму саласындағы мақсаттарын¹ ескере отырып, оның ішінде:

- БҰҰ Бас Ассамблеясының 2019 жылдың 21 мамырдағы A/RES/73/L.87 «Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Халықаралық Аралды құтқару Қоры арасындағы ынтымақтастық» Резолюциясын;
- БҰҰ Бас Ассамблеясының 2016 жылдың 21 желтоқсандағы A/RES/71/222 «2018-2028 жылдар кезеңіндегі «Су тұрақты даму үшін» Халықаралық іс-қимылдарының он жылдығы» Резолюциясын;
- 2020 жылдың 21 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-ші сессиясында мыналар бойынша қабылданған Резолюциялары:
 - «2018-2028 жылдар кезеңіндегі «Су тұрақты даму үшін» Халықаралық іс-қимылдарының он жылдығы» мақсаттарына жету бойынша орта мерзімді жан-жақты шолу;
 - «Апаттардың қауіпін төмендету»;
 - «Шөлге айналып бара жатқан немесе құрғақшылық қатты сезілетін жерлерде, әсіресе Африкада, құрғақшылықпен күресу бойынша БҰҰ-ның Конвенциясын жүзеге асыру»;
 - «Құмды және шаң-тозаң борандармен күресу»;
 - «Қоршаған ортаны қорғау және кедейлікті жою мүдделерін шешу үшін тұрақты туризм және экотуризм дамытуға көмектесу»;

Халықаралық Аралды құтқару Қорының (ХАҚҚ) құрылтайшы - мемлекеттерінің Басшылары бірлесіп жасаған коммюникесін негізге ала отырып (24 тамыз 2018 ж, Түрікменбаши қ.), **ҰСЫНАДЫ:**

1. 2015-2030 жылдарға арналған Тұрақты даму мақсаттарын, «2018-2028 жылдар кезеңіндегі «Су тұрақты даму үшін» Халықаралық іс-қимылдарының он жылдығы» нысаналы мақсатты индикаторларды және донорлық қауымының қалауларын ескере отырып Арал теңізінің бассейнінде орналасқан мемлекеттерге көмек көрсету үшін іс-шаралық

¹Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 2015жылдың18 қыркүйегінде қабылданған A/70/L.1 резолюциясы

төртінші Бағдарламасы (АТАБ-4) бойынша дайындау жұмыстарын тездету.

2. Арал теңізі бассейнінің өзекті мәселелерін шешу мақсатында халықаралық қоғамдастықпен бірігіп тиімді көмек беру үшін ХАҚҚ ұйымдық құрылымы мен шарттық-құқықтық базасын одан әрі жетілдіру жұмыстарын әрі қарай жалғастыру.
3. Орталық Азияның тұрақты дамуы үшін қоршаған ортаны қорғау бойынша өңірлік бағдарламаға байланысты жұмыстарды жеделдету.
4. Орталық Азияның су-энергетикалық ресурстарын бірлесіп пайдалану мақсатында технико-экономикалық негіздемені дайындау үшін математика-бағдарламалық және кеңістік-имитациялық модельдерін құрып, ғылыми-тәжірибелік жұмыстарды жүргізу.
5. Траншекаралық су ресурстарын және атмосфералық ауаны ластауды кемітуге, жердің құрғақшылық пен шөлейттенуді бәсеңдетуге және ормандандырылған жерлерді ұлғайтуға ерекше назар аударуға қажет.
6. Мүдделі мемлекеттік органдар, жоғарғы оқу орындар, ғылыми-зерттеу институттары, сушаруашылық, халықаралық және аймақаралық мекемелер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық үшін жаңа мүмкіндіктерді сушаруашылық, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу мақсатында қарастыруды міндетке алады.
7. Су шаруашылығы, су ресурстарын кешенді басқару, метеорология, гидрология және экология салаларындағы ғылыми-техникалық прогресс туралы ақпарат алмасуды кеңінен дамыту қажеттігін қолдайды.
8. Экология және су ресурстары мәселелерін шешу мақсатында аймақаралық жобаларды жүзеге асыру, сонымен қатар Арал теңізі бассейнінде бірлескен экспедицияларды өткізу қажеттілігімен келісті.
9. 2019 - 2021 жылдары Су конвенциясы бюросында Қазақстан Республикасы төрағалығы мерзімінде халықаралық су ынтымақтастық оңтайлы дамуын және Халықаралық суды бағалау орталығының суб-өңірлік белсенді қызметін атап өту.
10. Арал теңізі бассейнінде ғылыми зерттеулер мен мониторинг бойынша UNESCO құрамында «Ғылым Аралға» Орталық Азия платформасын құру.
11. Дүниежүзілік мұздықтарды қорғау күнің белгілеу және арнайы халықаралық мұздықтарды қорғау қорды құру ұсынылады.
12. Арал өңірін инновациялық жасыл технологиялар аймағы деп айқындалған Өзбекістанның ұсынымын қолдау.
13. Арал теңізі бассейнінің өзекті мәселелерін шешу үшін БҰҰ мамандандырылған мекемелеріне, халықаралық қаржы институттарына, донор болған мемлекеттерге, басқа да даму серіктестіктеріне қолдау мен көмек көрсеткендері үшін ризашылығын білдірді.